

ОӘБ шешімімен бекітілген
Денсаулық сақтау дайындық бағыты бойынша
№ 00 "00" _____ 2024 жыл

Семинар-тренингтің оқу бағдарламасы

Атауы: Денсаулық сақтау жүйесінің гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларына ден қоюы

Оқыту түрі: Семинар-тренинг

Өткізу мерзімі: келісім бойынша

Тыңдаушылар контингенті: жедел медициналық көмек мамандары

Сағат саны: 30 сағат

Өтетін орны: келісім бойынша

Түсіндірме жазба:

Бағдарламаны енгізудің өзектілігі. Дүние жүзінде гендерлік зорлық-зомбылықты қазіргі заманның ең күрделі мәселелердің бірі ретінде танылды, бірақ көптеген елдерде бұл мәселе тиісті деңгейде танылып жүрген жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтері бойынша, бүкіл әлемде әйелдердің үштен бірі өмірінде кем дегенде бір рет зорлық-зомбылық құрбаны болады.

Медицина қызметкерлері зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдермен жиі, көп уақытта оған мән берместен, байланысады. Көбінесе дәл денсаулық сақтау маманы «алғаш байланысқа түскен» тұлға болып табылады. Гендерлік зорлық-зомбылық құрбанына қауіпсіз және құпиялықты сақтау жағдайын жасай отырып, медицина қызметкері зорлық-зомбылық мәселесін анықтауда, оған бастапқы бағалау жасауда, дағдарыс жағдайында оларға қажетті медициналық және консультациялық қызметтер көрсетуде, сондай-ақ пациенттерді басқа құрылымдарға одан әрі жіберуде маңызды рөл атқара алады.

2020 жылы медициналық ұйымдардың басшылары мен қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижесінде («Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған ден қоюды жақсарту үшін ұлттық әлеуетті нығайту», ЮНФПА) денсаулық сақтау мамандарының гендерлік зорлық-зомбылық мәселелерінде, оның ішінде зорлық-зомбылықтан аман қалған адамдардың ерекше қажеттіліктері туралы білімдерінің төмен деңгейі; денсаулық сақтау саласындағы білім мен дағдылардың жеткіліксіз деңгейі; гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына құпиялы тексеруді қамтамасыз ете отырып, қауіпсіз және мейірімді кеңістіктің болмағандығы; және гендерлік зорлық-зомбылықтан аман қалған адамдарды сүйемелдеу және оңалту мақсатында басқа секторлармен өзара іс-қимылдың тұрақты тетіктерінің болмауы анықталды.

Денсаулық сақтау жүйесінің гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларына ден қою мәселелерінде медицина қызметкерлерінің әлеуетін арттыру зорлық-зомбылық құрбандары үшін қауіпсіз және мейірімді кеңістікті құруға бағытталған.

Тренингтің мақсаты:

Ауруханаға дейінгі кезеңде гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына жедел және шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаттарымен таныстыру.

Оқытудың жоспарлы нәтижелері: Семинар-тренингтен өткеннен кейін мамандар гендерлік зорлық-зомбылық белгілерін анықтау дағдыларын; ауруханаға дейінгі деңгейде гендерлік зорлық-зомбылықтан аман қалғандармен жұмыс істеудің негізгі қағидаттарын; гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарын физикалық тексеруді; гендерлік зорлық-зомбылықты бастан кешкендерге кеңес беруді; психологиялық көмек көрсетуді; зорлық-зомбылықтан аман қалғандарға көмек көрсетудің кешенді тәсілін қолдану дағдыларын үйренеді.

Өзірлеушілер туралы мәліметтер:

Лауазымы	Т. А. Ә.	Байланыстар: e-mail
Эксперт ЮНФПА	Гордиенко М.	
Эксперт ЮНФПА	Ибышева А.	

**«Денсаулық сақтау жүйесінің гендерлік зорлық-зомбылық жағдайларына ден қоюы» семинар-тренингтің бағдарламасы
30 сағат көлемінде**

Уақыты	Сағаты	Сабак түрі	Сабак тақырыбы	Спикер	Өткізу орны
1-ші күн. Ауруханаға дейінгі кезеңде гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына жедел және шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру					
9.00-9.10	Семинардың Ашылуы				
9.10-9.30	Кіріс тестілеу				
9.30-11.10	2	Дәріс	Әлемдегі және Қазақстандағы гендерлік зорлық-зомбылық мәселесі. Гендерлік зорлық-зомбылықтың түрлері. Гендерлік зорлық-зомбылықтың салдары.		
11.10-11.30	Кофе-брейк				
11.30-13.10	2	Семинар	Зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау белгілері мен тетіктері		
13.10-14.10	Түскі ас				
14.10-15.50	2	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істеу қағидалары.		
15.50-16.10	Кофе-брейк				
16.10-17.50	2	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандары және есту қабілеті нашар адамдармен жұмыс істеу ерекшеліктері		
17.50-18.20	0,5	Сұрақ-жауап			
18.20-18.30	1-ші күннің қорытындысын шығару				

2-ші күн. Гендерлік зорлық-зомбылық жағдайын анықтау кезінде шұғыл көмек көрсету. Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсету үшін қайта бағыттау бойынша ведомствоаралық өзара іс қимыл алгоритмі					
9.00-9.15	Сәлемдесу. 1-ші күн тақырыптары бойынша кері байланыс				
9.15-10.55	2	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына, оның ішінде көру және есту қабілеті нашар адамдарға физикалық тексеру жүргізу әдістемесі (1 бөлім)		
10.55-11.10	Кофе-брейк				
11.10-12.00	1	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына, оның ішінде көру және есту қабілеті нашар адамдарға физикалық тексеру жүргізу әдістемесі (2 бөлім)		
12.00-12.50	1	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандары, оның ішінде көру және есту қабілеті нашар адамнан ақпараттандырылған келісім алу		
12.50-14.00	Түскі ас				
14.00-15.40	2	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсету үшін қайта бағыттау бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмі		
15.40-16.10	Кофе-брейк				
16.10-17.50	2	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсету үшін		

			қайта бағыттау бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмі		
17.50-18.20	0,5	Сұрақ-жауап			
18.20-18.30	2-ші күннің қорытындысын шығару				
3-ші күн. Психологиялық көмекке дейінгі кезең					
9.00-9.50	1	Дәріс	Жарақат ұғымы (психологиялық) және Қазақстандағы өзекті мәселелер. Гендерлік зорлық-зомбылықтан туындаған психикалық бұзылуларға қатысты когнитивті мінез-құлық моделіне көзқарас және схемалық терапия.		
9.50-10.40	1	Семинар	Гендерлік зорлық-зомбылық жарақаттан кейінгі және кешенді жарақаттан кейінгі бұзылыстың факторы ретінде		
10.40-11.30	1	Дәріс	Психологиялық көмекке дейінгі кезеңде қолдау дағдылары		
11.30-11.45	Кофе-брейк				
11.45-13.25	2	Семинар	Эмпатикалық тыңдау және контейнерлеу. Валидация және белсенді тыңдау		
13.25-14.25	Түскі ас				
14.25-15.15	1	Дәріс	Суицидтік тәуекелдер		
15.15-16.05	1	Семинар	Суицидтік тәуекелдерді бағалау дағдысы және өмірлік		

			ресурстарды іздеу (1 бөлім)		
16.05-16.20	Кофе-брейк				
16.20-17.10	1	Семинар	Суицидтік тәуекелдерді бағалау дағдысы және өмірлік ресурстарды іздеу (2 бөлім)		
17.10-17.40	0,5	Сұрақ-жауап			
17.40-18.00	Қорытынды тестілеу				
18.00-18.30	Семинардың жабылуы. Сертификат тапсыру.				
Барлығы:	30 Сағат				

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Негізгі әдебиеттер:

1.1. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссиясы 2021 жылғы 23 желтоқсандағы мақұлдаған «Гендерлік зорлық-зомбылық» Клиникалық хаттамасы, №154 хаттама;

1.2. ГЗ бойынша ведомствоаралық іс жүргізу, 2017 ж., GBVIMS Басқарушы комитеті жарияланымы, сілтеме: https://gbvresponders.org/wp-content/uploads/2017/04/Interagency-GBV-Case-Management-Guidelines_Final_2017.pdf ;

1.3. ВОЗ, ООН Женщины, ЮНФПА. Медицинская помощь женщинам, подвергшимся насилию со стороны интимного партнера или сексуальному насилию. Клиническое руководство. Женева: ВОЗ, 2014. (WHO/RHR/14.26);

1.4. Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы гендерлік зорлық-зомбылыққа қатысты денсаулық сақтау жүйесінің ролін күшейту / материалдар жинағы, WAVE желісі және ЮНФПА 2014;

1.5. Денсаулық сақтау секторының жыныстық және гендерлік зорлық – зомбылықтан зардап шеккен адамдарға үйлестірілген салалық қызметтер көрсетуі-Орталық Азия үшін әлеуетті дамыту ресурсы, 2022 ж.;

1.6. Gender-related killings of women and girls (femicide/feminicide). Global estimates of gender-related killings of women and girls in the private sphere in 2021. Improving data to improve responses. UN Women. UNODC. Сілтеме: <https://www.unwomen.org/sites/default/files/2022-11/Gender-related-killings-of-women-and-girls-improving-data-to-improve-responses-to-femicide-feminicide-en.pdf> ;

1.7. Әйелдерге қатысты жақын партнерінен зорлық-зомбылық пен жыныстық зорлық-зомбылық жағдайында әрекет ету шаралары: ДДҰ клиникалық және стратегиялық нұсқаулары, 2013 ж. Сілтеме: <https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/85240/9789241548595-rus.pdf?sequence=19> ;

1.8. Мүгедектігі бар әйелдер мен жастар. Гендерлік зорлық-зомбылық пен жыныстық және репродуктивті денсаулық пен құқықтар мәселелерін шешу үшін адам құқықтарына негізделген және гендерлік қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық. ЮНФПА. 2018;

2. Қосымша әдебиеттер

2.1. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, 2018 жылғы есеп: интимдік партнері тарапынан әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жаһандық, аймақтық және глобалды таралуын бағалау және серіктес емес адамдар тарапынан әйелдерге қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың жаһандық және аймақтық таралуын бағалау. Женева: ДДҰ, 2021 сілтеме: <file:///C:/Users/acer/Downloads/9789240027275-rus.pdf>

2.2. 1993 жылғы 20 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 48/104 қарарымен қабылданған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы Декларация.

2.3. Гендерлік зорлық-зомбылық жағдайында әлеуметтік көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлеріне арналған алгоритм: әдістемелік ұсынымдар / ш. а. Примбетова, А. М. Терликбаева// Нұр-сұлтан: 2021 ж. - 112 Б.

2.4. Зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы әлемдегі жағдай туралы есеп, 2014 ж. сілтеме:

https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/145087/WHO_NMH_NVI_14.2_rus.pdf

2.5. Гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету кезінде құқықтық тәуекелдерді болдырмау үшін денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің құқықтық бағдарлау алгоритмі: оқу-әдістемелік құрал / М. Жасқайрат, с. Бакиров, С.Тәңірбергенов – Нұр-Сұлтан: Астана медицина университеті, 2022. - 55с.

3. Интернет-ресурстар

3.1. 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңы;

3.2. «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесі және денсаулық сақтау туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Кодексі;

3.3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (02.07.2021 ж.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) (Электрондық ресурс) :

online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252.